

**8D017- Тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау
(6D011700/8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кудайбергенова Кунимжан
Тыныштыкбековнаның «Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері
шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін оқытудың
ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
филология ғылымдарының докторы, профессор Пірәлі Гүлзия
Жайлауқызының**

ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе бағдарламаның нысаналы аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары</u></p>	<p>Кудайбергенова Кунимжан Тыныштыкбековнаның «Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңын; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын басшылыққа алуымен сипатталады.</p> <p>К.Т. Кудайбергенованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 6D017 - Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау (6D011700/8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша ұсынылған.</p>

		<u>ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ</u> <u>КОМИССИЯ БЕКІТКЕН ҒЫЛЫМ</u> <u>ДАМУЫНЫҢ</u> _____ <u>БАСЫМ</u> <u>БАҒЫТЫНА СӘЙКЕС (БАҒЫТЫН</u> <u>КӨРСЕТУ)</u>	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	<p>Диссертанттың зерттеу барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде жоғары оқу орындары педагогикасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлесін қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту әдістемесін ғылыми негіздеуге бағытталған. Зерттеу барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері ЖОО-да студенттерге қазақ әдебиетін оқыту әдіснамасы мен әдістемесінің дамуына үлес қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі.</p> <p><i>Біріншіден,</i> ЖОО-да Сыр сүлейлері шығармаларын оқыту әдістемесінде оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі тұжырымдалған;</p> <p><i>Екіншіден,</i> өңірлік әдебиеттің тарихи болмысын айқындайтын Сыр сүлейлері шығармалары сараланып, талданып, бейне және бейнеліліктің теориялық мағынасы мен қызметіне қарай ажыратылып, мысалдар арқылы дәйектелген;</p> <p><i>Үшіншіден,</i> Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік жіктеліп, оларды «Сыр сүлейлері шығармаларын оқыту» пәнінің білім мазмұнына енгізудің қажеттілігі анықталған. Оқытудың сан алуан әдіс-тәсілдері ұсынылған;</p> <p><i>Төртіншіден,</i> Сыр сүлейлері шығармаларын оқытудың дидактикалық және пәндік ұстанымдары дәлелденген;</p> <p>Сыр сүлейлері шығармаларын оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда онлайн және офлайн оқытуда қолданылатын интерактивті желілік технология ұсынылған.</p> <p>К.Т. Кудайбергенова ғылыми стильді жетік меңгерген. Жарияланымдары диссертация мазмұнын толығымен қамтиды.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа;	Докторант К.Т. Кудайбергенова диссертациялық жұмысында өзі жазу принципін ұстанған. Тақырыбын терең

	<p>3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>меңгерген, зерттеу нысанын жете білетін кәсіби біліктілігі мол маман екендігін таныта білген. Бұрындары арнайы зерттелмеген тақырыпты әрі әдебиетші әрі педагог ретінде жаңаша зерделей отырып, бүгінгі ұлттық білім беру жүйесіндегі жаңашыл талаптарға сай ғылыми тұрғыдан сараптама жасап, өзіндік ой-ұсыныстарын айта білген. Ізденушінің ғылыми теориялық дайындығы жақсы. Сыр сүлейлерінің шығармаларын бүгінгі поэзия поэтикасына тән теориялық талап тұрғысынан талдап, жанр ерекшеліктерін айқындап, әр жыраудың жеке стиліне көркем мәтіндерден көп мысалдар ала отырып талдаулар жасайды. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәліметтер қорын кең талдап, тұжырымдар беруді көздеген. Диссертацияның өн бойындағы түзілген ақпараттар дербес, әрі түсінікті, логикалық құрылымды ұстанған. К.Т. Кудайбергенова диссертацияны өзі жазу деңгейі бойынша жеке ғылыми стилінің жоғары екендігін байқауға болады. Сыр сүлейлерінің бейне мен бейнелілік мәселесінің оқыту әдістемесін жасаудағы шеберлігін, даралығын жан-жақты ғылыми жүйеде қарастырылған, еңбек осынысымен бағалы және жоғары деңгейде жазылған.</p>
<p>4. Ішкі принциптері</p>	<p>бірлік</p> <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертацияның өзектілігі Сыр сүлейлерінің әдебиет тарихындағы орнын айқындап, оны бейне, бейнелілік тұрғыдан оқыту әдістерін зерттеп, зерделеу жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Білім берудің жаңа парадигмасын, жаңа бағыт алуы жеке тұлғаны қалыптастыруда ғылыми-танымдық, ізденуші-зерттеушілік, шығармашылық әрекеттерге сүйенуге негізделген. Диссертациялық жұмыс елтану, өлке тану, тұлға тану тақырыптарын да кеңінен қамтып, күрделі мәселелерді ғылыми деңгейге көтере білген. Ізденуші өзі зерттеп отырған нысанына қатысты көркем категориялар мен теориялық терминдерді өте сауатты әрі қажетіне қарай орынды қолдана білген. Өз тақырыбы бойынша көптеген әлемдік, одақтық және ұлттық әдебиеттану ғылымы мен білім беру жүйесіндегі әдебиеттермен терең танысып, жан-жақты ғылыми ақпарат алғаны байқалады. Осы тұрғыдан диссертациялық жұмыс білім алушылар бойында танымдық-интеллектуалдық</p>

		сауаттылықты қалыптастыруда, өмірлік мәселелерді шешуге үлес қосатын еңбек деп бағалауға болады.
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды.</p> <p>Диссертация мазмұны кіріспе, нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар және екі бөлімнен тұрады. Әр бөлім бойынша тұжырымдар берілген, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшалардан тұрады. Жұмыс тараулары өзара ішкі бірлікті сақтаған. Табиғи жымдасқан, өзара сабақтас екі тараудан тұрады. «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселелерінің теориялық негіздері» деп аталатын бірінші тарауда көркем мәтіндегі «әдеби бейне және көркем образ» жасау тәсілдері мен суреткерлік дүниетаным, көркемдік ойлау топтастырылған. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы теориялық білімді нақты тәжірибеде кеңінен қолдана біліп, Сыр сүлейлерінің шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды бүгінгі жас ұрпаққа ұғындырып, оның сөз өнері құдіреті ретіндегі функциясын түсіндіріп, таныта білуде болса керек.</p> <p>«Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін оқытудың әдістемесі» деген екінші тарауда оқытудың құрылымдық моделі, диагностикасы, әдіс-тәсілдері, тәжірибелік эксперимент ұсынылған. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша зерттеу жұмысының тақырыбын айқындайды.</p>
	<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. Зерттеу міндеттері Сыр сүлейлерінің көркемдік ойлауы және суреткерлік дүниетанымы мен оқытуға қатысты еңбектерді саралаумен, оның әдістемелік жүйесін жасаумен, оқыту әдістемесін әзірлеумен сәйкес келеді.</p> <p>Диссертант зерттеу барысында алдына қойған міндеттерін мақсатқа сәйкес орындаған. Атап айтқанда, бейне және бейнелілікті оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, оны</p>

			ЖОО-дағы оқу үдерісіне енгізудің тиімді әдістерін берген. Оқытудың әдістемесін ұсына отырып, оның тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеген.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан бір-бірімен өзара толық байланысқан. Алынған нәтижелері автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Диссертация тараулары арасында өзара логикалық байланыс сақталған. Зерттеу жұмысының түйіндеулері мен қорытындылары логикалық тұтастығымен, ғылыми тиянақтылығымен құнды.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа шешімдерде сыни талдау бар. Диссертацияда Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби «бейне» және «бейнелілікті» ЖОО-да оқытудың ғылыми-тәжірибелік негізін теориялық-әдіснамалық айқындауда, негізгі түсініктерді нақтылауда, құрылымдық-мазмұндық жүйесін қалыптастыруда, әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, толықтырылған. Автордың сыни көзқарасын Сыр сүлейлері шығармаларын зерттеп-зерделеудегі пікірлерді саралауынан және оқыту әдіс-тәсілдері жөніндегі тұжырымдарды талдауынан байқауға болады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда көрсетілген Сыр сүлейлері шығармаларындағы «бейне» және «бейнелілікті» ЖОО-да оқыту әдістемесі бұрын соңды зерттелмеген, <i>толығымен жаңа;</i> Сыр сүлейлері жырлаған мысал, айтыс, жыр, толғаулардың көркемдік сипаты мен символдық бейнелердегі суреткерлік дүниетанымды білім алушыларға ұтымды әдіс-тәсілдер арқылы оқыту <i>толығымен жаңа;</i> Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларын оқытудың педагогикалық ұстанымдары және құрылымдық-мазмұндық моделін оқу үдерісіне енгізудің тиімді әдістері <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Зерттеу қорытындыларына негізделе отырып, «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби

			бейне және бейнелілікті оқыту» тандау курсы тақырыбындағы элективті курс енгізілген.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста «бейне» және «бейнелілік» Сыр сүлейлерінің образ, яғни, әдеби бейне жасаудағы шеберлігі, даралығын жан-жақты ғылыми тұрғыдан тұжырымдап беруі <i>толығымен жаңа;</i> Заманауи жоғары білім беру тұрғысымен тікелей байланыста қарастыруда болашақ мұғалімдердің, білім алушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау әдістемесінің сенімді теориялық тұғырлары жүйеленген. Диссертацияда ұлттық ғалымдармен қатар алыс-жақын шетелдік басылымдардың деректеріне сүйеніп, терең талдау жасалған. Жалпы жұмыстың жүйелі жүргізілуі <i>толығымен жаңа.</i> Зерттеу нәтижелерін апробациялау енгізу актысымен расталған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста көрсетілген міндеттерді шешу барысында қолданған техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <i>толығымен жаңа</i> және әдіснамалық-әдістемелік тұрғыдан негізделген. Диссертациялық жұмыс барысындағы алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемесі, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияларымызмен негізделеді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің қорытындылары дәлелдемелерде ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған. Зерттеу барысында «бейне» және «бейнеліліктің» теориялық және оқыту әдістемесі тұрғысынан кең көлемде жан-жақты талданған. Барлық қорытындылардың ғылыми жүйесі дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу нәтижелерін апробациялау енгізу актысымен расталған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді</p>	<p>К.Т.Кудайбергенованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған қағидаттар эксперимент арқылы дәлелденген. 7.1. Қағидат дәлелденген.</p>

		<p>ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Ізденушінің зерттеуінің жаңалық дәрежесі төмендегідей:</p> <p>- Нысанға алынған шығармалардағы ұлттық сипат пен көркемдік ойлау формалары жинақталып, жүйеленген;</p> <p>- Сыр сүлейлері шығармаларындағы «бейне» және «бейнелілік» және оны оқытудың әдістері алғаш рет бір ізге түсіріліп, қарастырылған;</p> <p>- Сыр сүлейлері қолданысындағы көркем бейне жазба айтыс, мысал мен дастандардағы көркемдік кесте нақты мысалдар арқылы дәлелденген;</p> <p>- Сыр сүлейлерін оқытудағы дидактикалық және пәндік ұстанымдары айқындалып, оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасалған;</p> <p>7.4. Пәнді оқытудың арнайы қағидаттары ұсынылып, тұлға моделі жасалған, қолдану ауқымы кең.</p> <p>7.5. Диссертация тақырыбына қатысты он жеті мақала жарияланып, ұсынылған қағидаттары мен оқыту әдістемесінің тиімділігі тәжірибеде дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Әдістеменің таңдауы негізделген. Бейне мен бейнелілікті оқыту жүйесіндегі әдіснамалық, әдістемелік тұжырымдары өзара байланысқа негізделген. Докторант зерттеу тақырыбына сәйкес міндеттерді шешу барысында сараптау, ой қорыту, талдау әдістері, озық тәжірибелерді жинақтау, саралау, жүйелеу әдістері, эксперимент нәтижелерін сандық және сапалық тұрғыда сараптау, жинақтау әдістерін тиімді қолданған.</p> <p>Білім берудің іргелілігі мен тұтастығы қағидаларын басшылыққа алған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің жаңа теориялық және эмпирикалық әдістерін қолдану арқылы алынған.</p> <p>Диссертанттың зерттеу барысында жасаған тұжырымдары мен нәтижелері зерттеу жұмысында 10 сурет, 26 кесте түрінде ұсынған. Эксперимент нәтижелері сандық, сапалық тұрғыдан көрнекті көрсетілген. Зерттеудің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолдана отырып алынған.</p>

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысының теориялық, әдіснамалық қорытындылары жоғары оқу орындарындағы білім беру үдерісінде Сыр сүлейлері шығармаларындағы «бейне» және «бейнелілікті» оқыту арқылы жан-жақты, бәсекеге қабілетті, ұлтжанды тұлғаны қалыптастыру бойынша әзірлеген тәжірибелік-эксперименттік әдістемелік жүйенің тиімді жүзеге асуына мүмкіндік береді.</p> <p>Пәнді тиімді оқыту жүйесі оқыту эксперименттік зерттеулері негізінде дәлелденді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/расталмаған</p>	<p>Зерттеу жұмысындағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасаумен расталған. Сыр сүлейлері шығармаларындағы «бейне» және «бейнелілікті» ЖОО-да оқытудың әдіснамасы мен әдістемесі әдебиеттану ғылымы мен педагогика ғылымына қатысты еңбектер, ҚР ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми құжаттары, шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі маңызды мәлімдемелері нақты және сенімді.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер диссертацияның мазмұнын ашуға, теориялық-әдістемелік тұрғыдан ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерде сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертацияда 140 әдебиетке шолу жасалған. Автор тақырыпқа сәйкес нормативтік, құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздерді жеткілікті пайдаланған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертант К.Т.Кудайбергенованың зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен қорытындыларының теориялық маңызы бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Педагогика ілімінің жаңа теорияларын дамытуға, бейне және бейнелілікті оқытудың әдіснамасын негіздеуге мүмкіндік береді; - Зерттеу тұжырымдары Сыр сүлейлері шығармаларын оқытудың әдістемесінен ғылыми, оқу-әдістемелік кешендерін дайындауға маңызы зор;

			- Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары, яғни, ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде, біліктілікті арттыру тәжірибесінде қолдануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері ЖОО-да сабақты нәтижелі ұйымдастыруға негіз болады. Еңбекте ұсынылған кешенді жаттығулар мен тапсырмалар, әдіс-тәсілдер пәнді оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар: ЖОО-да Сыр сүлейлері шығармаларындағы бейне мен бейнелілікті оқытудың қажеттілігін көрсететін ұсыныстары мен қағидаттары <i>толығымен жаңа;</i> ЖОО-да білім беру бағдарламасына түлек атрибуттарын құруда негізге алынса деп берілген ұсыныстары <i>толығымен жаңа;</i> Қазақ әдебиетін оқытуда оқытушыларға қолдану үшін ұсынған әдістемесі <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертанттың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және нысанды түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді дұрыс қолдана білген. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертациялық жұмысқа ұсыныс: Зерттеу жұмысында орфографиялық және пунктуациялық қателер ішінара кездеседі. Аталған ескертпе диссертациялық жұмыстың құндылығын төмендетпейді. К.Т.Кудайбергенованың диссертациялық жұмысы ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес орындалған. Ғылыми стильде жазылған, зерттеу бағыты мен мақсаты айқын, міндеттері толық шешімін тапқан.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай отырып, «8D017 - Тілдер және әдебиет» бойынша педагогтарды даярлау (6D011700/8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кудайбергенова Кунимжан Тыныштыкбековнаның «Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы, теориялық, тәжірибелік маңызы бар. «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сәйкес орындалған, академиялық сауаттылығы жоғары, аяқталған жұмыс деп есептейміз.

К.Т.Кудайбергенова «6D011700 – Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ресми рецензент:

**Филология ғылымдарының докторы,
профессор, М.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институтының
бас ғылыми қызметкері**



Пірәлі Гүлзия Жайлауқызы

